



«WonderFest 2025»

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру аясында

3-11 сынып оқушыларына арналған ағылшын тіліндегі театрландырылған

бейне қойылымдар бойынша Республикалық конкурс өткізу туралы

ЕРЕЖЕ

1. Байқау ұйымдастырушылары

1.1 Халықаралық білім беру компаниясы «EDUstream» – халықаралық «Express Publishing» баспасының Қазақстандағы ресми және эксклюзивті өкілі.

2. Жалпы ережелер

2.1 Осы Ереже ағылшын тіліндегі театр өнері фестивалін – «**WonderFest 2025**» өткізудің тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2.2 Фестивальге ағылшын тілінде қойылған, халықаралық «Express Publishing» баспасының көркем шығармалары негізінде жасалған және ұлттық әрі жалпыадамзаттық құндылықтарды енгізген (мәдениет пен дәстүрді құрметтеу, рухани-адамгершілік қасиеттерді дамыту, адалдық, азаматтық жауапкершілік және патриотизм) бейнежұмыстар (театралдық қойылымдар) қабылданады.

3. Фестивальдің мақсаты мен міндеттері

3.1 Қазақстан Республикасында ағылшын тілі мұғалімдері мен оқушылардың шығармашылық бастамаларын жандандыру;

3.2 Талантты және дарынды оқушыларды анықтау және қолдау;

3.3 Қазіргі қоғамда ағылшын тілін жетік игеру;

3.4 Оқушыларды ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту құралы ретінде театр өнеріне тарту.

3.5 Оқушыларды көркем әдебиетті оқуға қызықтыру.

3.6 «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұлттың имиджін айқындайтын

- тәуелсіздік пен патриотизм;
 - бірлік пен ынтымақ;
 - әділдік пен жауапкершілік;
 - заңдылық пен тәртіп;
 - еңбекқорлық пен кәсібилік;
 - Жасампаздық және жаңашылдық.
- сияқты негізгі құндылықтарды енгізу;

4. Фестивальді өткізу шарттары

- 4.1 Мектептің кез келген шығармашылық ұжымы фестивальдің қатысушысы бола алады;
- 4.3 Қойылымға «Express Publishing» баспасының ағылшын тіліндегі қосымша оқу кітаптары бойынша, сондай-ақ Қазақстан халқының ұлттық құндылықтарын міндетті түрде енгізген кез келген көркем шығармалар қабылданады. Сонымен қатар, «English Language 3–4 for Kazakhstan», «EXCEL 5–9 for Kazakhstan», «ASPECT 10–11 for Kazakhstan» және «ACTION 10–11 for Kazakhstan» оқулықтарындағы Reading for Pleasure бөліміндегі ертегілер мен көркем туындылар бойынша қойылымдарға рұқсат етіледі;
- 4.4 Фестиваль қатысушылары мектептен тек **бір театрландырылған қойылымын** ұсына алады;
- 4.5 Театр қойылымына қатысушылардың шығармаға сәйкес келетін костюмдері мен декорациялары болуы тиіс.

5. Конкурстық материалдың міндетті техникалық талаптары

5.1. Қатысу үшін:

- 5.1.1 жоғарыда аталған барлық критерийлерге сәйкес театрландырылған қойылым жазылған бейнеролик дайындау; бейнені жеке YouTube арнасына жүктеу;
- 5.1.2 тіркеуден өтіп, өтінім қалдырып, **YouTube каналына** жүктелген бейнематериалдың сілтемесін **30.11.2025** дейін төмендегі <https://forms.gle/enC8LfZwgeWSTRv49> сілтеме бойынша жүктеу қажет;
- 5.2 YouTube каналына жүктелген **рұқсаты жоқ (нет доступа)** видео қаралмайды;
- 5.3 Бейне материалдың ұзақтығы 8 минуттан аспау қажет;
- 5.4 Бейне форматының талабы 1920x1080 немесе 1280x720 пиксель, бейнеролик көлденең (горизонтальный) форматта түсірілуі қажет

6. Конкурстың мерзімдері мен қорытындыларын шығару

- 6.1 конкурс қорытындысы 3-4 сыныптар, 5-8 сыныптар, 9-11 сыныптар жас санатын ескере отырып, шығарылады;
- 6.4 конкурстық жұмыстары **2025 жылғы 1 қазаннан бастап 30 қарашаға** дейін жиналып қаралады;
- 6.5 қорытындылау және онлайн марапаттау **2025 жылғы 25 желтоқсанда өтеді**;

7. Бағалау критерийлері мен тәртібі:

- 7.1 конкурстың қорытындысын шығару үшін қазылар алқасы мен конкурстық комиссия құрылады;
- 7.2 қатысушылар жұмыстарының конкурстық іріктеуі комиссия мүшелері қоятын сараптамалық бағалау негізінде жүзеге асырылады;
- 7.3 фестивальге қатысушылардың жұмыстары Конкурстық комиссия келесі критерийлер бойынша бағаланады:
- Тақырыпқа сәйкестігі;
 - Ағылшын тілінде дұрыс сөйлеу, дыбыстау, сөйлем құрастыру;

- Тілдік бейімделуі және қолжетімділігі (жас ерекшелігіне сай лексика және құрылымдар);
- Көркемдік ой (ерекшелік және даралық);
- Көркемдік мәнерлілік (стилистикалық бірлік, қойылымның тұтастығы);
- Костюмдер мен декорациялар;
- Артистизм;
- Командалық жұмыс және барлық қатысушылардың белсенділігі;
- Рухани-адамгершілік қасиеттерді, азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді, адалдықты насихаттауы.

7.4 егер ең жоғары қорытынды балл екі немесе одан да көп туындыға тең болған жағдайда, конкурстық қазылар алқасының төрағасы конкурстық комиссиямен бірлесіп, конкурстың жеңімпазын\ ретінде бір туындыны айқындайды;

7.5. Конкурста бас жүлде және I, II, III жүлделі орындар, сондай-ақ номинациялар мен бағалы сыйлықтар беріледі.

**Байланыс телефон: +7 7053278333 Екатерина Николаевна,
8747 555 30 11 Манат Еркінқызы (ватсап)**